

"Тұрғын үйді ұстау жөніндегі жұмсалған шығынның мөлшерін белгілеу туралы"

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 1/129 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 29 тамызда N 386 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 қарашадағы № 4/910 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2011.11.07 № 4/910 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңын, Коммуналдық қызмет көрсету Ережесін, Алматы қаласының аумағын көріктендіру, санитарлық тазалықта ұстау және тазалықты ұйымдастыру Ережесін және басқа нормалық құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, Алматы қалалық әкімшілігі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар қызмет көрсететін мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйлерде, сондай-ақ жеке жай (пәтер) иелерінің үйлерінде тұрғын үйді ұстау төлемі айына үйдің пайдалы алаңынан 1 шаршы метріне 11 теңге 38 тиын болып белгіленсін, сондай-ақ айына әрбір газ қондырғысына үйдің ішіндегі газ қондырғысына қызмет көрсетілгені үшін әрбір газ қондырғысынан 15 теңге мөлшерінде қосымша төлем белгіленсін. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2002 жылғы 22 қарашадағы N 5/749 қаулысымен; Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 29 маусымдағы N 3/523 қаулысымен.

2. Жоғарыда аталған тұрғын үй қорында, сондай-ақ тұрғын үй жайлар жеке меншіктегі азаматтардың үйлерінде және меншік иелері кооперативтері меншігіндегі үйлерінде жылу жүйелеріне, элеваторлық тетіктерге, ыстық және суық су құбырларына, электрмен жабдықтау жұмысына техникалық қызмет түрлерін тиянақты өткізуді тікелей коммуналдық қызмет көрсетушілер заңда белгіленген шарттарда және тәртіпте өткізеді.

3. Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігінің департаменті (Н.Ш.Алдабергенов) тарифтен қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарудағы контейнерлерді шығару мен иелену, контейнерлер мен контейнерлік алаңдарды тазалауға арналған шығындарды алып тастасын.

4. Жай (пәтер) иелері кооперативтеріне жеке тұрғын үй қорында тұрғын үйді ұстауға төлемдерді бекіткенде осы қаулыдағы белгіленген мөлшерді ұстану

ұсынылады, төлем алу жай (пәтер) тұрғындарының жалпы жиналысының шешімі болса ғана рұқсат беріледі.

5. Алматы қалалық Қаржы басқармасы (Қ.Қ.Тәжібаев), Алматы қалалық Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті (А.Ж.Нұрланов) тұрғын үйді ұстауда белгіленген тәртіпте, төлем жайлы осы қаулыдағы 1 тармағында көзделгеніндей тұрғын үй көмегін көрсетудегі қаржыландыруды және төлем беруді қамтамасыз етсін.

6. Төлем мөлшері 2001 жылдың 1 қыркүйегінен бастап енгізілсін.

7. Алматы қаласы Әкімінің 1997 жылғы 25 тамыздағы N 442 "Тұрғын үйді ұстау жөніндегі төлем мөлшерін белгілеу туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы N 307, 2001 жылғы 8 мамырдағы N 307, 2001 жылғы 4 қаңтардағы N 02 "Алматы қаласы Әкімінің 1997 жылғы 25 тамыздағы N 442 "Тұрғын үйді ұстау жөніндегі төлем мөлшерін белгілеу туралы шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары М.Т.Дұлқайыровқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімшілік хатшысы

А л м а т ы қ а л а с ы Ә к і м і н і ң
2 0 0 1 ж . 1 4 т а м ы з д а ғ ы
N 1 / 1 2 9 қ а у л ы с ы н а

N 1 қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2002 жылғы 22 қарашадағы N 5/749 қаулысымен; Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 29 маусымдағы N 3/523 қаулысымен.

Кестедегі 11, 12 - жолдары алынып тасталды - Алматы қалалық Әкімдігінің 2006 жылғы 08 шілдедегі N 3/887 қаулысымен.

Тұрғын үйді ұстау жөніндегі тұрғын үйге көмек беру кезіндегі ескерілетін жұмыс тізбесі

N р/с	Аталуы	Айына 1 ш.м. пайдалы алаңға жұмсалатын шығын(теңге)
1.	К ү р д е л і ж ө н д е у : - үйдің тұтас инженерлік жүйелері мен элеватор тетіктерін алмастыру; - ш а т ы р д ы ж а ң а л а у ; - үйдің қабырғасын жөндеу; - сыртқы есік пен топшаларды алмастыру.	1-20
	А ғ ы м д а ғ ы ж ө н д е у ж ү м ы с ы : 1) үйді толығымен ұстау: - үйдің қабырғаларындағы үңгілерді жабу;	

2.	<ul style="list-style-type: none"> - түскен сызықтарды, саңылауларды сылау; - суынған қабырғаларды жылы қаптау; - үйдің қабырғаларын сылау; - шатырдың су аққан жерлерін қалпына келтіру (толығымен алмастырмай) <p>;</p> <ul style="list-style-type: none"> - үйдің сыртын сылау және сырлау; - пәтерлердің кірмелеріндегі баспалдақтарды темір тіреуіштерді алмастыру. <p>2) тұрғын үйді күзгі-қысқы және жазғы мезгілде даярлау жұмыстары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сынған терезелерді қою және кірмелердегі есіктерді жөндеу; - құбырларды орау; - шатырды тазалау; - жылына 2 рет жертөлелерді тазалау. 	1-00
3.	<p>Көріктендіру, контейнерлер мен контейнерлік алаңдарды дәрілеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұраларды тегістеу; - үйдің ауласында жасыл желектерді отырғызу; - шағын сән беретін сәулет үлгілерін отырғызу. 	0-55
4.	<*>	
5.	Ауланы сыпыру, қар күреу, гүлзарларды қарау, жасыл желектерді отау, қыста жолдарға құм шашу, сыпырушыларға ақша төлеу, әлеуметтік сақтандыру, мүкәммал мен арнайы киімдер алғызу, контейнерлер тұрған алаңды және тұрғын үйлердің жертөлелерін тазалау.	1-80
6.	Кезекті жарықтандыру (1 қабаттардағы электр лампыларын алмастыру).	0-60
7.	Лифтілерге жарық беру (1-2 қабаттан басқа).	1-37
8.	ӘБҚ ұстау (жалақы, әлеуметтік сақтандыру, әкімшілік шаруашылық шығындар)	1-00
9.	<p>Жылу беру жүйелері мен элеватор тетіктеріне техникалық қызмет көрсету:</p> <p>1) жылу жүйелеріне қызмет көрсету:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жылу жүйелерін қарау; - жылу жүйелерін қосу және ажырату (күзде, жазда, апаттық қалыпта); - жылу жүйелерін сақтауға қою (көктемде), жылу жүйелерінің жағдайын 10 күнде бір рет тексеру; - жылу жүйелерін оны қосқанда тексеріп, ретке келтіру; - жылу жүйелеріндегі ақауды жөндеу (су шүмектерін тексеру, құбырларды жылыту, орау, ауа өткізгіш мұржаларды тазалау, таттанған тетіктерді жөндеу, құбыр тіреуіштерін нығайту); - жылу мерзімі алдында құбырларда қалған суды алмастыру; - жылу мерзімі алдында құбырларды үрлеу; - бақылау-өлшеу приборлары және автоматиканы ретке келтіру <p>жұмыстары;</p> <p>2) элеватор тетіктеріне қызмет көрсету (жеке жылу пункті):</p> <ul style="list-style-type: none"> - жеке жылу пункті айына 2 рет, жылу қысымын өлшеп анықтайды; - жылу беру мен тоқтату кезіндегі қалыпты жұмыс; - жұмыс тетіктеріне қажетті бөлшектерді алмастыру; - тат басудан барлық құбыр тетіктерін тазалау; - құбыр бұрандаларын алмастыру; 	1-72

	<ul style="list-style-type: none"> - құбырдан аққан суды тоқтату; - бос тіреуіштерді нығайту; - барлық тетіктерді қалпына келтіру. 	
10.	<p>Ыстық және суық су құбырларына қызмет көрсету:</p> <p>1) с а н т е х н и к а л ы қ :</p> <ul style="list-style-type: none"> - су құбырлары тіректерін тазалау; - жер төлелердегі жуынды құбырларын тазалау, оның құдықтарын тазалау; - 1 қабаттағы құбырлардың түйіндерін тазалау; - су толған құдықтарды тазалау; - барлық материалдарды қосқандағы қажетті бұрандаларды алмастыру; - пәтер иесінің материалынан (апат жағдайындағы пәтердегі барлық колданыстағы құбыр бөлшектерін алмастыру); - су ағатын жабдықтарды реттеу; - су шүмегінен аққан суды тоқтату; - бұрандаларды кендірмен орау; - сызаттарды дәнекерлеу; - суық және ыстық су ағатын қабаттардағы су құбырларын алмастыру, үңгілеулерді қосқанда; - суық және ыстық су құбырларының тат басқан жерлерін алмастыру, 1 м е т р д е н а с п а с а ; - шойын жуынды құбырларын 2 метрден аспаса, бұрандаларымен қоса алмастыру (материалдың құнын қоспағанда); - жертөлелерде, қабаттарда шүмектерден аққан суларды тоқтату; - жуынды ағатын құбырлардағы ақауларды ретке келтіру; - жер төлелердегі жиналған суды тартып алу; - жертөлелердегі жөндеу жұмыстары. <p>2) э л е к т р о т е х н и к а л ы қ :</p> <ul style="list-style-type: none"> - электрмен жабдықтау жұмыстарын орындау; - негізгі бөлу щитіндегі күйіп кеткен ток өткізгіштерді алмастыру; - кіре берістегі және қабаттардағы жанып кеткен ток беретін негізгі бөлу щитіндегі жабдықтарды қалпына келтіру; - кезекті кернеуге қосымша қуат беру; - кезекті кернеудегі ток ажырататындарды алмастыру. 	1-62
11.	<p>А л ы н ы п т а с т а л д ы (V06R708)</p>	0-41
12.	<p>А л ы н ы п т а с т а л д ы (V06R708)</p>	0-11
	Жиынтығы:	11-30
13.	<p>Үйдегі газ жабдықтарына қызмет көрсету:</p> <p>1) сыртқы көрінісін тексеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - газ жабдығының "Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережесіне" сай орнатылғандығын тексеру; - газ жабдығының жұмыс жағдайы; - газ бар бөлменің желдеткіштерінің қалыпты болуын тексеру <p>2) газды ашып-жабатын тетіктен газдың шықпауын тексеру;</p> <p>3) үйдің сыртындағы және бөлмелердегі газды ашып-жабатын тетіктерді тексеріп, майлап, қатайту;</p> <p>4) газ құбырының және оның ажыратқыш тетіктерінің тығыздығын тексеру;</p> <p>5) тетіктерді тазалап, қайта майлау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - газ алдындағы ашып-жабылатын тетіктерді; - газдың өзінде орналасқан тетіктерді; 	

6) газ тетіктерін жалынның берілуіне қарай реттеу; 7) тұрмыстағы газ аппаратын, автоматты қондырғыны тексеріп, тазалау және қалпына келтіру; 8) барлық ақауларды түзеу, газ аппаратындағы істен шыққан бөлшектерді алмастыру.	15-00 теңге (әрбір газқондырғысынан кейін)
---	--

Әкімшілік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ